



Орындаған: Ғауан Шерхан



# Мақсат

- 8.7.1.1

Жерсерік байланысын ұйымдастыру  
қағидасын түсіндіру



# Ғарыш

- **Ғарыш** (араб.-*кеңістік*, космос) — **Ғаламнын** астрономиялық анықтамасының синонимі. Кейде ғарыш ұғымына Жер және оның атмосферасы енбей қалады. Ғарыш жер төңірегіндегі кеңістікті қамтитын (ондағы нысандарды қоса) жақын Ғарыш және жұлдыздар мен галактикалар, т.б. кеңістігін қамтитын (ондағы нысандарды қоса) алыс Ғарыш болып ажыратылады.

# Ғарыш айлағы - Байқоңыр


- **Байқоңыр** - Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан ғарыш алаңы. Іргесі 1955 ж. маусым айының екісі қаланған. Қазіргі уақытта 6 миллион 227 мың гектар жерді алып жатыр. Байқоңырда 15 ұшыру қондырғысы, 9 ғарыштық кешен, 11 монтаждаун – сынық орны бар.

# Байқоңырдың тандалу себептері

- Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді.

# Байқоңырдың мақсаты

- Байқоңыр – ғарыш айлағының ең бірінші мақсаты, ғарышқа зымырандар жіберу. Байқоңырдың даласы кең болғандықтан, осы жерден зымырандар ұшыру оңай, және де экваторға жақын болу себебінен, зымырандарға ғарышқа ұшу оңай. Байқоңыр КСРО кезінде өте маңызды жерлердің бірі болды. Себебі сол жылдар, адам енді-енді ғарышқа ұшу жолдарың зерттеу бастады. Сол себепті КСРО халқы, ғарышқа ұшу арқылы, өз халқының күштілігін көрсетер еді, ал бұл политикалық жағдай өте тиімді болды.



# Тарихи анықтамалар

- 1955 ж. 12 ақпан – «Байқоңыр» ғарыш айлағын салу жөнінде шешім қабылданды.
- 1955 ж. 12 мамыр – кешеннің құрылысы басталды.
- 1957 ж. – «Р-Э» зымыраны ұшырылды.
- 1961 ж. 12 сәуір – Тарихта тұңғыш рет ғарышқа адам ұшты. Ю. Гагарин ғарышта болып қайтты.
- 1991 ж. 2 қазан – Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров ұшты.
- 1957-95 жж. – Айналадағы ортаға және халық денсаулығына кері ықпал туралы деректер шектеліп келді.
- 1997 ж. 4 қазан – Ресей Федерациясы «Байқоңыр» кешенін жалға (аренда) алған жағдайда оның аймағындағы экология және табиғатты пайдалану мәселесі жөніндегі келісімге қол қойылды.
- 1998 ж. 21 қазан – табиғатты қорғау заңының бұзылуын болдырмау жөніндегі Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ұйғарым шығарды.

# Тарихи анықтамалар

- 1998 ж. қараша – 1999 ж. мамыр ұйғарымды орындау туралы Ресей жағымен хат алмасылды. Ресей жағы ұйғарымның барлық тармақтарын орындайтындығы туралы хабардар етті.
- 1999 ж. 29 наурыз – Ресей-Қазақстан комиссиясы кездесіп, бірлескен хаттамаға қол қойды.
- 1999 ж. 2 шілде – Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ғарыш айлағынан зымырантасығыштардың ұшуына тыйым салынатыны туралы Ресей жағына ескерту хат жолдады.
- 1999 ж. 5 шілде – Ақаумен ұшырылған «Протон» зымырантасығышы Қарқаралы ауданының жеріне құлады.
- 1999 ж. 27 қазан – «Протон» зымырантасығышының апаты. Оның сынықтары Атасу поселкесінің жанына құлады.
- 1999 ж. 18 қараша – келісімдерге қол қойылды. Келген шығынның орнын толтыру Ресейден талап етілді.
- 2004 ж. 9-10 қаңтар Ресей Президенті Владимир Путин Байқоңырды жалға алу мерзімін 50 жылға ұзарту және оны екі жақ бірлесіп пайдалану жөнінде келісімге келді.



# Байқоңырдың маңы

- Байқоңыр ғарыш айлағы тек қазақ тарихында ғана емес, бүкіл әлемдік тарихта үлкен орын алады. Себебі Байқоңырдан ең бірінші иттер ғарышқа ұшырылды, ең бірінші адам ұшты, жасанды жер серіктері ұшырылды, яғни бір сөзбен айтқанда ғарышқа ұшу мүмкін екені дәлелденді.




# Жердің жасанды серігі (ЖЖС)

- Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әр түрлі ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешуге арналған ғарыштық аппарат.
- Ең тұңғыш ЖЖС КСРО-да 1957 жылы 4 қазанда ұшырылды.



Назарларыңыз үшін рахмет!!!



[www.ZHARAR.com](http://www.ZHARAR.com)